Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

# Қазақ университеті

ОРГАН ПАРТКОМА И РЕКТОРАТА КАЗАХСКОГО ОРДЕНА ТРУДОВОГО КРАСНОГО ЗНАМЕНИ ГОСУДАРСТВЕННОГО УНИВЕРСИТЕТА им. С. М. КИРОВА

1977
ПЯТНИЦА
30
ДЕКАБРЯ

35—36
(1052—1053)

Газета издается с 20 апреля 1948 года

Цена 2 коп.



## С новым годом!



## ЗАВТРА

Все хорошо сегодня —
в синем небе весна!
Лишь не прочесть
сегодня
завтрашнего письма;
и завтрашнего
космонавта
не посмотреть в кино.
А нам интересно
ЗАВТРА!

Но где же сегодня оно?
Может быть,
до срока,
зная свои часы,
спит оно,
лежебока,
посапывает в усы!
Нет!
У него забота!
Нет ему не прилечь!
Дело хлебозавода —
завтрашний хлеб испечь!
Где-то своей дорогой —
может быть, сотни лет —
к нам от звезды далекой
завтрашний мчится свет.
Требовательны
и упрямы
к селам и городам
завтрашние телеграммы
бегут по проводам.
Новости всей планеты —
тысячи тысяч строк —
завтрашние газеты
выйти обязаны
в срок!
Варят гудящие печи
завтрашнюю сталь,
Смотрят глаза человечьи
в завтрашнюю даль...
Будущему охота
к нам поскорей
прийти.
ЗАВТРА —
это работа!
ЗАВТРА —
оно в пути!

Л. МОЧАЛОВ.

## ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Қадірлі достар!

Жемісі мол, жеңісі зор 1977 жыл өз сапарын аяқтап, тарих төріне қадам басып барады.

Бұл жылдың шежіреге жазарсыры да, жыры да мол. Ұлан байтақ еліміз бүкіл прогресшіл адамзатпен бірге Ұлы Октябрьдің 60-жылдық торқалы тойын 1977 жылдың белесінде тойлады. Жылымыз берекелі, мерекелі болды. Совет адамдары өмірдің бар саласында табысқа жетіп, коммунизмнің тағы бір биігіне шықты.

1977 жыл өрелі жыл, өмірлі жыл болды. Еліміз тарихта теңдесі жоқ Советтік жаңа Конституция қабылдап, халқымыздың жүрегін қуанышқа кенеді. Атай берсек жетпіс жетінің желісінде талай-талай тамаша табыстар барын айқын аңғарамыз.

Университет өмірінде де үделі жаңалықтар мен жақсылықтар барын біз мақтанышпен айта аламыз, қадірлі достар! КазГУдің профессорлары мен оқытушылары, студенттері мен қызметкерлері ғылымда, оқуда, еңбекте, өнерде жаңа белестерге көтеріліп, жыл жемісіне сыбағалы үлесін қоса білді.

Жаңа міндет, жаңа меже, жаңа үміт, жаңа тілек, жаңа арманын арқалап 1978 жыл жайдары жүзін көрсетті. Жаңа жылда жаңаша қарқын болсын, жаңа жылымыз жарқын болсын, достар! Табыс төрінен кездесе берейік!

Ректорат, партком, местком,
комсомол комитеті, профком.

## *Дорогие друзья!*

Заканчивается год 1977, год 60-летия нашей любимой Родины, год принятия новой Конституции страны Советов, второй год X пятилетки — пятилетки эффективности и качества, год, прославленный новыми большими успехами и достижениями.

Коллектив Казахского государственного университета им. С. М. Кирова встречает Новый, 1978 год в хорошем настроении: много новых дел было свершено за прошедший период, много получено заслуженных наград.

«Спасибо тебе, 1977! — говорим мы. — Спасибо за все лучшее, чем порадовал ты нас! Мы не забудем тебя, наш добрый товарищ, как не забывают старых, испытанных друзей».

Пусть Новый, 1978 год станет для всех, кто учится в стенах нашего университета, для всех, кто учит, кто трудится в лабораториях и на кафедрах, годом радостей, творческих удач, годом счастья, улыбок, везения, больших хороших перемен!

Ректорат, партком,
местком, комитет
комсомола, профком.

## *ЖАСА ЖАҢА ЖЫЛ!*

Алақай! Келді Жаңа жыл,
Ақ қармен жазып есімін.
Мүбәрәк көңіл бала жүр,
Ғасырдың ашып есігін.
Ақ киіз бүгін оранып,
Аппақ қыс алды хан атын.
Бақтарға бақ құс оралып,
Бақытым жайды қанатын.
Қолына күміс уыстан,
Ағаштар тұр-ау ұрандап.
Құшақта мақпал тыныстап,
Құлшынып қайың сыландап.
Жасасын мәңгі Жаңа жыл,
Шаттықтан мен де шарқ ұрам.
Жасарған жастық жаңа жыр,
Жасасын ұлы Партиям!
Кемеңгер жылым, келдің сен,
Бір жасқа мені көтеріп.
Күлемін мен де сен күлсең,
Жұптасып мәңгі өтелік!

Серік САТАНОВ.






# С Новым годом!

**„Состоялся слет участников третьего трудового семестра КазГУ. На нем были подведены итоги трудовой деятельности студентов университета на строительных площадках и сельскохозяйственных полях республики и за ее пределами. На слете были отмечены большие успехи студенческих отрядов КазГУ в выполнении производственных программ юбилейного года».**

Это — информация. А размышления об этом событии надо начинать не с 25 ноября, а несколько раньше, потому что говорить «во весь голос» о слете начали задолго до его открытия.

В комитете комсомола (где размещался и орг. штаб) за 3 дня до слета было многолюдно и телефон звонил через каждые три минуты. В день слета здесь наблюдалось «вавилонское столпотворение в натуральную величину» и телефон, казалось, не умолкал. Бахит Амрекулов, секретарь комитета комсомола, успевал одновременно разговаривать по телефону, делать пометки в записной книжке, вносить поправки в какие-то бумаги и отвечать на десятки вопросов.

Одним из самых «популярных» был: «Нет ли лишнего билета?». «Лишних» пригласительных билетов на слет не было. Их не стало в тот же день, как только доставили из типографии — 650 билетов «разлетелись» за 4 часа.

Откуда такое массовое желание быть в числе приглашенных?

Во-первых, это, все-таки, слет. Не собрание, не совещание, не конференция — а слет. И обусловлен он сегодняшними успехами, размахом, авторитетом, весомостью деятельности студенческого отрядного движения.

Во-вторых, к тому, о чем шла речь на слете, причастна большая часть студентов университета. В этом году участниками третьего трудового семестра было, ни много ни мало, почти 4.000 наших юношей и девушек. Это — двое из трех студентов КазГУ.

В-третьих, это возможность встретиться, снова собраться вместе с теми, с кем бок о бок трудился летом. Не спешить, от души наговориться, — а ведь есть что сказать, что вспомнить, есть чем гордиться и над чем посмеяться.

Короче говоря, на слет стремились не только наград ради. Однако, слеты устраиваются и для того, чтобы вручать награды. И надо сразу заметить, что коллекция поощрительных знамен, вымпелов, почетных грамот Казахского государственного университета в этот день увеличилась намного.

Если задать очень простой вопрос «За что награждают?», то можно и очень просто ответить — «За отличный труд». Вот только самые внушительные цифры.

Студенты-строители трудились на 146 объектах народного хозяйства. 83 из них ввели в эксплуатацию. Освоили 3 млн. 759 тысяч рублей капиталовложений. Безвозмездные перечисления в различные фонды составили более 20 тысяч рублей.

Астраханский отряд «Кировец» собрал более 1000 тонн и отгрузил около 2000 тонн овощей.

## С победой, бойцы ССО!

В совхозе «Горный гигант» студентами собрано 1155 тонн фруктов, 1058 центнеров помидоров, 337 центнеров картофеля.

Что может убедительней этих цифр доказать весомость вклада студентов в народное хозяйство республики, да и не только республики? На сегодняшний день размах, масштабы, «география» деятельности студенческих отрядов самых различных производственных направлений, неизмеримо больше и многообразней, чем это было 5-7 лет назад.

В этом году отряды КазГУ работали в Пермской области, Нечерноземной зоне РСФСР — Всесоюзной ударной комсомольской стройке, на строительстве КазГУграда — Республиканской ударной комсомольской стройке, в г. Лейпциге Германской Демократической Республики, на полях Астраханщины, в Нарынкольском, Кегенском, Талгарском районах Алма-Атинской области.

Когда командиры отрядов рапортовали командиру подготовительного штаба студенческих отрядов университета Амангельды Кусаинову, и когда Кусаинов докладывал ректорату, парткому и комитету комсомола об итогах деятельности участников трудового семестра КазГУ в юбилейном году, в зале стояла напряженная тишина, которая потом, в момент вручения рапорта секретарю парткома Е. А. Кузнецову, раскололась овациями. Это были аплодисменты успеху.

Да, в этот день на слете говорили об успехе всех отрядов КазГУ.

Успех студенческих строительных отрядов «подтвердил» главный инженер Казахского штаба ССО Ю. Н. Шумейко, вручив Кусаинову вымпел ЦК ЛКСМ Казахстана за лучшую работу по подготовке и формированию отрядов и Переходящее Красное знамя ЦК комсомола республики лучшему районному штабу — Нарынкольскому.

Командир облштаба ССО К. Сапиев вручил большой группе бойцов и командиров Почетные грамоты обкома комсомола и министерства сельского хозяйства КазССР.

Признан победителем городского смотра ССО отряд «КазГУград-77», который ранее был награжден памятным знаменем министерства строительства предприятий тяжелой индустрии.

Занял первое место по итогам социалистического соревнования среди студенческих отрядов Казахской ССР, работавших в Астраханской области, отряд «Кировец».

Для награждения победителей соревнования и особо отличившихся студентов работавших в совхозе «Горный гигант», на слет приехал директор совхоза Иван Михайлович Демченко и секретарь парткома Джолдас Султанович Султанов.

— Для нас не существовало проблемы «ехать—не ехать» на слет, когда мы получили приглашение. Ехать, обязательно быть, потому что студенты сделали для совхоза в этом году очень много,— сказал в своем выступлении И. М. Демченко. — Они собрали почти 1200 тонн яблок. Это значит, что каждое третье яблоко совхозного урожая собрано руками студентов. Благодаря вашей помощи, благодаря старанию ребят, большой организаторской работе преподавателей во главе с начальником отряда Галиной Николаевной Николаевой, совхоз выполнил план по сбору фруктов уже в октябре, тогда как в прежние годы мы план раньше ноября никогда не давали...

После вручения почетных грамот и денежных премий студентам, отличившимся на работе в совхозе (а таких оказалось 130 человек), Иван Михайлович продолжал:

— В настоящее время совхозу выделено много средств для расширения производственной, жилищной и культурно-бытовой базы, а рабочих рук не хватает. Пользуясь случаем, мы обращаемся к руководителям Казахского и областного штабов, к руководителям университета: присылайте к нам побольше студенческих отрядов. Мы убедились, что студенты многое умеют, они отличные помощники. Пусть КазГУ возьмет в этом деле над нами шефство. Это пойдет на пользу и университету и совхозу.

Слова директора совхоза — убедительнейшее подтверждение растущего авторитета студенческих отрядов. Большинство руководителей хозяйств, в которых работали студенты, обращаются в университет с просьбой — пришлите отряд снова. Так было раньше, так есть и в этом году.

Завершая выступления на слете, секретарь парткома Евгений Александрович Кузнецов высоко оценил деятельность студенческих отрядов КазГУ в год 60-летия Великого Октября.

— Мы гордимся нашей молодежью, — говорил он, — мы гордимся нашим комсомолом, который достойно представляет головной вуз республики во всех своих делах и свершениях.

А затем секретарь комитета комсомола университета Б. Амрекулов огласил постановление парткома, профкома и комитета комсомола о присвоении звания «Почетный боец студенческого отряда КазГУ» и вручил памятные свидетельства тем, кто на протяжении многих лет активно участвовал в движении студенческих отрядов университета: среди них: С. У Бектуров, лектор ЦК КП Казахстана, К. А. Сырлыбаев, проректор университета, Р. Алшанов, член парткома КазГУ, А. К. Мамбетов, председатель профкома, выпускники КазГУ Г. М. Ни и К. Абдрахманов, зам. секретаря комитета комсомола М. Умаров, командир райштаба А. Кусаинов, командир ССО «Коммунистический» А. Ержанов, командир и комиссар отряда «Юрист-10» А. Нурмагамбетов и Б. Досанов и другие.

В заключение участники слета приняли Обращение ко всем студентам республики ознаменовать третий семестр 1978 года, года 60-летия ВЛКСМ и 20-летия студенческих строительных отрядов, новыми успехами и свершениями на всех участках производственной деятельности и трудиться под девизом «60-летию Ленинского комсомола — 60 ударных комсомольских объектов!».

**В. ДОЛЖЕНКО,**
**наш спец. корр.**



## *Под нашими спортивными знаменами*

Пятый год подряд в первенствах вузов республики по различным видам спорта Казахский государственный университет занимает в общем зачете почетное второе место, уступая лишь Казахскому институту физкультуры и оставляя за собой педвузы, имеющие факультеты физического воспитания и Карагандинский педагогический институт физкультуры.

И в высшем спортивном мастерстве спортсмены КазГУ достигли в этом году больших успехов: пополнился отряд мастеров, входящих в сборные команды Советского Союза. 5 наших студентов: известная баскетболистка Н. Ольхова (Шуваева), велосипедисты П. Лазарев и А. Абраменко (исторический факультет), Е. Владимиров — шахматы (факультет журналистики), легкоатлет В. Стародубцев (географический факультет) носят высокое звание членов сборной страны.

На чемпионате Казахстана по шахматам вышла победительницей Т. Живаева, а К. Досанов — студент юридического факультета, именной стипендиат, стал призером Всесоюзного турнира по самбо и выполнил впервые норматив мастера спорта. Мастером спорта СССР завершил 1977 год и второй наш студент — В. Ложкин (географический факультет), который выиграл первенство республики по боксу.

Всего в истекшем году кафедрой физвоспитания и спортивным клубом КазГУ подготовлено 4 мастера спорта, (вместо намеченных по плану 2-х) и 14 кандидатов в мастера спорта (по плану—11).

Перед праздником 60-летия Октября многочисленная армия физкультурников и спортсменов вуза рапортовала о досрочном выполнении социалистических обязательств и принимала поздравления и пожелания дальнейших успехов.

**Соб. инф.**

# Ақ тілектер,

**ЖЫЛ ЖАРШЫСЫ — ЖУРНАЛИСТ:**

—ЖАҢА ЖЫЛ босағамыздан аттаған сәт. Ақтүн. Ақын жырға қосатын сүттей аппақ кеш. Көгілдір әлем күміс жұлдызша тағынған, жарық нұр сеуіп тұр. Көңіл жұлдыздары да сондай. Сенің жүзіңнен де шуақты қуаныш нұры еседі ғой, мен де шексіз шаттанып тұрмын. Тыңдашы, замандас, менің жұдырықтай жүрегім кеудеме сыймай, лүпілдеп барады. Жаныма сусып жылы нұр құйылатын тәрізді. Сен де сондай күй кешіп тұрсың ба?!



Қандай ғажап, қандай керемет еді, мынау сәт, мынау көрініс, мынау кеңістік! Сырлы үн бе? Шымырлап төгілген музыка сазы екен ғой. Жаныңды аялы алақанға салып әлдилейтін секілді, сол ырғақ еріксіз елітіп барады, толқып барам. Ту-у-у, дүние шыр айналып кетті, ақ мамық па, жоқ, күміс екен ғой жауып тұрған. Сыңғыр күлкі, бұл кімдікі? Сыршыл достым екен ғой, келші достым, мынау құйылып тұрған әуенге еріп, қуаныш вальсінің сазына ілесіп дөңгелене билейік.

Осы шақта, осы сәтте ақ тілектер, көп тілектер жүректен жыр боп төгіліп, бір арнаға тоғысып жатқан жоқ па. Әрине, ата берді алғашқы ақ батасын, ақ күмістей сақалын салалы саусағымен сипап тұрып.

**АҚ САҚАЛДЫ АТА АЙТАДЫ:**

— Дәл осы сәтте қандай құтты төрде, жаңа шаншылған шаңырақта болмасын, жаңа жыл дастарханы кенересінен асып жаюлы жатыр. Адал ниетті адамзат ағынан жарылып, ақтарыла сыр айтады. Күміс самай, көргені көп қария, әкелік ақ тілеу айтып, ақ батасын береді. Мейірлі жүзіне жүгірген әжімдері мол, ақ кимешекті ана омырауын ағытып тұрып: «Айналайын елімнен, айналайын заманнан» деп айтарын жеткізе алмай, жылы жүрегімен тек қана анаға тән мінезімен мейірлене түседі.

Біз сияқты ақсақалдар, екі өмірді бірдей көрген үлкендер, бүгінгі совет адамына, іні-қарындастарымызға шын сүйсінеді. Олар қайнар бұлақтай сарқылмас күш-қайраттың, жасымас жігердің иесі емес пе. Сондықтан, бүгін екі есе қуанулы. Өңдерін күн қаққан, суық сорған жүздерінде қызыл шырай бар, жылылық бар. Қарындастарымыздың қарақаттай мөлдір, тұнық, терең жанарларынан жылт-жылт етіп, қуаныштың жарқылы ұшқындайды. Міне, ЖАҢА ЖЫЛ қуанышы осындай! Осындай шақ қой біздерді жасартып, жадырата түсетін.

Жаңға жылы нұр құйған, ЖАҢА ЖЫЛДАРЫҢ құтты болсын! Ол-ырысты, берекелі, молшылық жылы, қуанышты, ынтымақ,бейбітшілік жылы болсын.

**ЖЫЛ ЖАРШЫСЫ — ЖУРНАЛИСТ:**

— «Жақсы сөз — жарым ырыс» демей ме, халқымыз. Сол, халқымыздың санасына, салтына сіңген дәстүр бойынша ет жүрегімен езіліп, атаға тән тілеу тілеп, ақ жібек шәлі жамылған ару жыл бетін адамның әкесі—Атамыздың аңқаны, жақсылық нышаны.

**АҚ ЖАУЛЫҚТЫ АНА АЙТАДЫ:**

— Осындай шат-шадыман шақта аналарды құттықтағым келеді. Ана әлдиі — бөбек бақытын, бөбек қызығын тілер ғана ән болсын, — дейді жүрегімнің лүпілі, — Қаралы үн, азалы үнді естіртпесін, — дейді ол тулап. Гүлін ашқан жас отауға- өмір толқынында толысқан қара шаңыраққа, әр дастархан, әр семья басына ЖАҢА ЖЫЛДЫҢ жанарынан төгілер ақ нұр, жүзінен құйылар шапағатты мерей, қадамына бітер бақыт гүлін тілеймін. Семья бақыты — ел бақыты. Ендеше, қасиетті Отан деп аталатын кең байтақ еліміздің үстінен шуақты күн нұры таймасын!

ЖАҢА ЖЫЛ, жаңадан жауған ақ қардай нұрлы, ақ шуақтай жылы, қыз көңіліндей сырлы болып босағамыздан аттады. Қайырлы сапар, атар таң, арайлы ЖЫЛ!

**ДИҚАН ДЕЙДІ:**

— Нан! Жарық дүниеге жаңа келген жас сәби үшін ана сүтінің құдіреті қандай болса, адам тірлігі үшін жер ананың жұмыр басты перзентіне берер ырыздығы—нанның қадір-қасиеті де сондай. Таба нанның ананың ақ сүтімен парапар екеніне ешкім де шек келтірмес деп ұғамыз.

# ҚУАНЫШ

Биылғы оқу жылы университетімізге үлкен жаңалық ала келді. Филология факультетінде араб тілі бөлімі ашылды. Бұл университеттің ғана емес, республикамыздың мәдени өміріндегі үлкен жетістік болып табылады. Өйткені ғылым ордалары мен мәдени мекемелеріміз араб тілінің мамандарына осы уақытқа дейін ділгір болып келген еді.

Араб тілі бөлімінде 12 студент бар. Олар өз мамандықтарына тікелей қатысты төрт пәннен: араб тілінен, араб елдерінің географиясы мен тарихынан және араб әдебиетіне кіріспеден дәріс тыңдап үр.

Араб тілімен сабақ аптасына бес рет болады, — дейді бізбен әңгімесінде 105 группаның, яғни араб тілі бөлімінің старостасы Е. Дуанаев — бұл студенттеріміздің араб тілімен күн сайын жүйелі түрде айналысуына, оны тезірек меңгеруіне ықпал жасайды. Студенттердің сабаққа қатысуы, оқу үлгерімі жақсы. Қазір қысқы сессияға біз ұйымшылдықпен әзірленіп жатырмыз. Қысқы сессия әсіресе біздер үшін үлкен сын.

Араб тілі бөлімінің бүгінгі және ертеңгі хал-қадерімен танысу ниетімен біз осы бөлімнің оқытушысы, жас ғалым Ә. Дербісалиевті сөзге тартқан едік.

—Университеттің филология факультетінде араб тілі бөлімін ашу көп жылдардан бері күн тәртібіне қойылып келген еді. Осы мақсатта біраз дайындық жұмыстары жүргізілді де. Университет мамандары Москва, Ленинград университеттеріне арнайы барып, олардың араб тілін оқытудағы көп жылдық іс-тәжірибесімен танысты. Соның нәтижесінде бөлімде жүйелі оқу программасы жасалды. Студенттер бес жылда 1440 сағат араб тілімен айналысады. Курс тәмамдаған сайын мамандықтарына сәйкес курс жұмысын жазып отырады. Жұмыс тақырыбы араб тіліндегі әдеби-тарихи мұраларымызды зерттеуге негізделеді.

Студенттерге сапалы білім беру үшін Москва және Ленинград университеттерімен белгілі маман шығыстанушылар шақырылып, лекция оқитын болады. Жоғарғы курс студенттері өздерінің өндірістік практикаларын Қазақ ССР орталық архивінде, Қазақ ССР Ғылым академиясында және Араб елдерінде өткізеді. Мәдениетімізге қатысты көне жазбаларды түпнұсқадан оқиды, мұның бәрі теориялық білімін практика жүзінде ұштастыруға мүмкіндік береді.

Бөлімге ежелгі түркі халықтарының әдебиеті курсы оқылғанда студенттер араб тілінде жазған түркі ғалымдарының еңбектерін және араб әріптерімен жазылған шағатай, көне түркі әдебиеті мұраларының нұсқаларымен тікелей танысады.

Сондай-ақ келесі жылы Одақта бірінші рет бөлімге Фарабитану курсы оқылғалы отыр, — деп сөзін аяқтады жас ғалым.

Н. БАЙЖІГІТОВ.




### Я ЕЛЬЮ РОДИЛАСЬ

Я елью родилась — мне трудно поменять иголки...
Не торопи меня — из осени в весну путь долгий,
А на моей коре чужие имена остались.
Я шишками цвету и рыжим янтарем печалюсь.
Я морем родилась — не вычерпать меня руками.
Твой парусник смешной нетрудно захлестнуть
волнами,
Но знаешь ты — во мне коралловые сны рождались —
Я бурями смеюсь и песнями сирен печалюсь.
Я птицей родилась, и не лишить меня полета:
Ведь с каждой высотой дороже мне моя свобода.
То солнца струи пью, то крыльями туман пронзаю,
А кем родился ты — я до сих пор еще не знаю.

Марина СТУКАЛИНА,
студентка 5 курса филфака.

## Поздравляют музы

«Это прекрасно! Как здорово, что молодежь любит искусство и театр! Спасибо Вам!

Народный артист СССР Г. Менглет».

* * *

«На добрую память студентам университета, членам «Общества семи муз»!
Народный артист СССР,
лауреат Ленинской премии
Евгений Светланов».

* * *

«В основе театра, так же как и в основе науки, лежит мысль. В этом смысле мы счастливы, что так же, как и Вы, служим просвещению.

Всегда Ваши Ефим Левинсон, Галина Корзина».

* * *

«С наступающим Новым годом Вас, дорогие друзья! Успеха и счастья Вам!
Ваша Галина Ненашева».

* * *

Эти записи нами взяты из книги Почетных гостей «Общества семи муз». Они сделаны в самое последнее время.

Декабрь был для активистов «Семи муз» особенно напряженным, насыщенным событиями месяц: два концерта симфонической музыки (Чайковский, Глинка, Римский-Корсаков, Бетховен, Сибелиус, Бизе, Рахмадиев); две встречи с нашими дорогими гостями из Москвы— коллективом Мюзик-холла (причем первая встреча состоялась в великолепном зале Дворца имени Ленина); лекция-беседа в общежитии № 7 «Поговорим об азах искусства»; день оперного театра в КазГУ (опера «Дидона и Эней», балеты «Жар-птица» и «Пульчинелло»); вечер романсов с участием народного артиста КазССР Наримана Каражигитова...

Таким образом, в хорошем настроении мы прощаемся с нашим добрым другом — годом 1977-м.

Пользуясь случаем, от имени активистов «Общества семи муз» мы горячо поздравляем с наступающим, Новым, 1978 годом всех наших друзей, поклонников прекрасного — студентов, аспирантов, сотрудников и профессорско-преподавательский состав нашего родного университета.

Раушан АЛИШЕВА, Турсынхан КЕРИМОВА, Баян ЧОНЖУБАЕВА,
Бахтажар МЕКИШЕВ

## ДНИ

Дни проходят, дни уходят,
как прохожие,
Убегают, как дороги непохожие.
Я люблю в прохожих ум и
вдохновение.
Я люблю в дорогах даль и
откровение.
А дороги от порога ввысь уводят,
А прохожие друзьями к нам
приходят.

* * *

## ПАДАЕТ СНЕГ

Падает снег,
словно руки на плечи,
Впадины гор
заполняет рассвет.
Белые руки
и смуглые плечи,
Шорох снежинок,
и шорох планет.
Зимы летят
Под лучем микроскопа,
Все на ладони —
и льющийся свет.
Все обнаженно —
не надо раскопок,
Падает снег —
шорох будущих лет...
Падает снег,
словно руки в паденьи,
Время снежинок —
и время планет,
Белые блики
веков озаренья
В шорохе снежном
Колышется свет.

Муса БИСЕНКУЛОВ,
студент 4 курса журфака.



Январь,
а в городе весна!
Гляди —
снега заголубели,
И неба синева ясна,
Как в самый светлый
День апреля.

И солнце
в зеркальца—лужи
Никак не может наглядеться,
И воробьи,
забыв о стуже,
Неумолчно нам дарят скерцо.

Пусть снова затрещат морозы,
Пусть снова загудят метели —
Весна жива!
И мы моложе,
Чем кажется
на самом деле...
А наши горести
и беды —
Лишь тень холодная зимы.
Ее,
но пиррова победа,
У жизни взятая взаймы...



## Жыр өлкесі

Первый снег,
Как первая любовь, —
На голову...
Что за наважденье!
Первый снег,
Да и любой другой,
Празднуйте, друзья,
Как день рожденья:

Первый снег —
Жизнь недолга его:
Выпадет
И сразу же растает.
Первый снег,
Но мы давно догадливы:
Унесет с собой он
Столько тайн...

Первый снег —
Предвестие зимы,
Белый сон —
Робки его мазки.
Первый снег
Родился!
Ну, а мы?!

Первый снег
Лег на мои виски.

Виктор ЕМЕЛЬЯНОВ.

# пәк тілектер

### ЖЫЛ ЖАРШЫСЫ — ЖУРНАЛИСТ:

— Ендеше, осы байлықты сәбиіндей мәпелеп, бидайтау тұрғызған диқан қолы, диқан жүрегі бәрінен де аялы! Олар — нан иесі Алтын дәннің анасы — ЖЕР — АНА болса, атасы — ДИҚАН.

Халқымызда «жақсының жақсылығын айт, нұры тассын» деген даналық сөз бар емес пе. Сол сияқты осынау сәтте диқанға деген ыстық ықылас, ақ алғыс жүрек түкпірінде лүпіл қағып, тұла — бойымызды шаттық сезімі кернейді. Өйткені, дастарханымызды дәнге, өмірімізді сәнге бөлеп жүрген ауыл еңбеккерлері — диқандар ғой.

Қазір сол ерлер қарлы боранда, қақаған аязда күміс моншақ тер төгуде. Сол ақ тілеулі азаматтарға, еңбек бәйгесінде жүзден озып, жүйріктей танылғандарға ЖАҢА ЖЫЛДА жарқырап, мерейлеріңіз үстем бола берсін демекпіз. Олардың өздеріне, семьяларына, Отанына бақыт тілейміз.

### ЖІГІТ ЖҮРЕГІ ЖЫРЛАЙДЫ:

— Құрбым, мынау шақтың сазына, сиқырлы күйіне үңілші. Ол сезім сырын шертіп тұр ғой. Білемісің, ол — анау сыңарын күткен сұлудың назы емес пе.

Қарашы: қыз кірпігіне қиыршық жұлдызшалар, сан-алуан өрнекті оюлар қонақтап жатыр, қонақтап жатыр. Нұрлы жүзіндегі ұлпа түйіршік орнында мөп-мөлдір моншақтай жаудырап, тана көз тамшы қалды. Қыз жымиды. Кірпігіне қонған ақ ұлпа шашылып кетті.

Шиедей қыз ерніне қонған бес қанатты жалтырауық жұлдызша қыз қызуына шыдамай, сәл сәтте балқыды да ол да мөп-мөлдір бір тамшы шыққа айналды. Қыз кірпіктері айқасып қалды. Сан өрнекті қиыршықтар тағы да сау ете түсті. Ол мұңаймады. Өйткені, жауған жұлдызшалар селінің сарқылмасын біледі. Салалы кірпік, шиедей ерінге әлі де сан мың қанатты күмістердің қонақтайтынына, оған балаша мәз болып қуанатынына сенеді. Осылайша, ұзын кірпіктері дір етіп, сәл сәтке айқасып, қайта ажырағанда сұлулықтың ғажайып полотносы көз алдына іркіледі.

Міне, енді ол ақша қарды әнге қосып, аппақ әлемге бақыт тілеп барады. Əн аты — «Ақша қар».

### ҚЫЗ ҚИЯЛЫ:

— ЖАҢА ЖЫЛДЫҢ таңы ата жер дүние екі реңге ауысады. Бірі — көгілдір — қызыл. Ол күн шапағын емген көгілдір әуе. Екіншісі — қызыл нұрға бөгіп, күміспен астарланған ақша қар беті. Сенсеңіз, бұл көріністі ешбір суреткердің тура айтып, қыл қаламмен өрнектегенін көрген емес едім. Шіркін, осы сұлулықтың тәңірісіндей шақты әнге қосар ма еді деп толғанғаным бар, ынтыққаным бар.

Жоқ. Мен қателеспеппін. Дәл осы шақты Абай атамыз ойлы да, сырлы, нәрлі де сазды өлең жолдарына, ән шырқауына арқау етіпті. Ол — қансонар екен.

Осы суретке енді бірде қарақасқа атты, күміс ер-тұрманды, қияқ мұртты, қараторы өңді, қызыл түлкі тымақты, қапсағай мүсінді жігіт «Қансонарды» ыңылдап әндеткен сипаты қосылды. Көбік қарға малтыққан тазысы аласұрады. Ат шашасынан төгілген қар ақ түтекке айналды.

### ЖЫЛ ЖАРШЫСЫ — ЖУРНАЛИСТ:

— Күміске көміліп, ақ нұрға шомылып енген, шаттық пен қуаныш, ырыс пен береке бастауы — ЖАҢА ЖЫЛДАРЫҢЫЗ құтты болсын, достар!

Уа, ЖАҢА ЖЫЛ —
Жаңа мақсат,
Жаңа арман,
Күліп кірші мол шуақты күн
алдан!
Желбірей бер, жалауларым
алқызыл,
Жайқала бер елімдегі бақ —
орман.
Ұшшы сен де болып аппақ
көгершін,
Адамзаттың көсегесі
көгерсін.
Бейбіт күн боп келші
ЖЕРДІҢ бетіне,
Күндей күліп келген болсаң
егер шын.
О, ЖАҢА ЖЫЛ!
Бұлбұлы бол бақшамның,
Жалғасы бол үзілмейтін жақсы
әннің!

Намазалы ОМАШЕВ.





## АҚША ҚАР

Ақ мамық таңмен араилап,
Келемін сергіп бақтарда.
Өзгеріп кеткен бар аймақ,
Алғашқы жауған ақ қарда.
Ойынға тоймас жас кезім,
Оралып ойға енеді.

Ақша қар неткен пәк сезім,
Сейілдеп кеткім келеді.
Жауып тұр, жауып ақша қар,
Далама сыйлап пәктігін,
Жас ару сырын ақтарар,
Көңілі толы шаттық үн.

**Жайлаубай ҚАЗИЕВ.**

## „БІРАҚ“

— Осы ауылда монша бар ма?
— Бар. Бірақ... моншасы онша емес.
— Ыстық буы бар ма?
— Буы бар. Бірақ біраз шуы бар.
— Клуб бар ма?
— Клуб? Бар. Бірақ бір бүлік бар.
— Онда, асхана бар ма?
— Асхана бар. Бірақ онда бір маскара бар.

* * *

Арамызда осындай диалог болды,
Оны қайдам,
Мен ұялып болдым.

**Бейсебай КІРІСБАЕВ,**
**журналистика факультетінің**
**III курс студенті.**

## ЖОЛДА

Барады арт жағымда қырат қалып,
Көкейден күмбір етер күй ақтарып.
Ақша бұлт баурайында дірілдейді,
Қарлығаштың қанаты сияқтанып.
Қимастықпен өз ұлын шығарып сап,
Мойнынан балалықты — бұғалықты ап,
Ұзақ жолға жіберген.
Алатауым
Ертедегі бабама тұрады ұқсап.
Туған жермен қоштасып тағы да мен.
Қайтып келе жатырмын:
жанымда-өлең.
Аларымды алыппын,
Толқып келем —
«Буырқанса көкірек — бәрін берем!..»

**Дүрәлі ДҮЙСЕБАЕВ.**

## ІҢКӘРЛІК

**(НОВЕЛЛА)**

— Мен оның сөзін бөлудің еш ретін таппадым. Сен де тыңда, құрбым. Сүйсін, аяла ақ махаббатты!..

* * *

...Ол жігіттің есімі Елтай болатын. Сол бір аппақ ақша қарлы мақпал түндегі таныстық менің өмірімнің ең бақытты күні екен.

Бәрін де басынан баяндайыншы. Қалай, қалай басталып еді біздің таныстығымыз?

Айнала аппақ, жас сәбидің алаңсыз көңіліндей кіршіксіз ақша қар көк жүзінен бейне ақ шағаладай қалықтап тұрған—ды. Бұл қыстың алғашқы қары болатын. Сағындырып келген ақша қарды жұмырлап, құрбыларым Жұмақыз, Жұмакүл үшеуіміз алысып-жұлысып дегендей, мәз-мәйрам болып ойнап жүргенбіз. Есейсек те еркелігіміз қалмаған біздер «көше сақшылары» сендерді де біраз кесектеп алыппыз. Алғашында тәртіпке шақырмақшы болғанмен, ойын қызығымен жүріп өздеріңмен әбден танысып алдық. Сенімен, сенің достарың Серік, Геннадийлермен қыстың алғашқы қуанышын бірге бөліскен екенбіз ғой. Кейін мен сол кездесуді сағына еске алып жүрдім.

Сол кеште сен менің жүрегіме ғашықтық отын жағып кеттің. Көңіл түкпірінде сақталған сенің сол жымиысындай жылылықты, әрі ойлы, әрі сұлу көзқарасты мен еш жігіттің жанарынан кездестіре алмадым. Қазір ойласам, нұрға толы сол жанар тек саған ғана жарасады екен ғой.

Міне, екеуміз тағы да кездестік. Сол күні көктемнің ақ нөсері жауып еді ғой, есіңде ме, Елтай? Көктемнің алғашқы нөсері болатын. Үсті-үстіне үдей жауған ақ жауынның мөлдір моншақтарына алақанымды тосып тұрып; «Қыстың алғашқы ақша қары мен көктемнің ақ нөсерін бізге жеткізген неткен бақытты жан едің Елтай», — деп іштей ғана риза болып тұрдым.

Ару көктем махаббат маусымы деп текке аталмаса керек. Сол көктемгі ақ нөсерден кейін сен бізге келуді жиілеттің. Екеуміз көбіне бірге қыдырып, бірге сырласушы едік... Кеудемде бұлқынған алау сезімді саған білдіртпеуге тырысатынмын. Сүйген жүректің адастырмайтынына сендім.

Мен бұл күннің ең соңғы кездесу екеніне әлі де сенбеймін. Бір күні сұлу келбетінде күлкі ойнап, қайта оралардай, айналама елеңдей қарап тек сені ғана іздеудемін.

* * *

Иә, үміт арқауының үзілмейтініне мен де сендім. Нәзік сезім иесінің пәк жанына кірбің түсіргім келмеді.

**Тәрбие СМАҒҰЛОВА,**
**журналистка факультетінің**
**студенті.**

## *ЖЫЛ — САҒЫНЫШ*

Адамда бір-ақ тілек:
Бақ көгерсін!
Ақ жүрек өмір үшін пәк деген шын.
Асықпай жер төсіне қонып жатқан,
ЖАҢА ЖЫЛ—аппақ үміт, ақ көгершін!
Адамға осы болар нақ ырыс, той,
Шадыман той үстінде жаңылыспа ой.
Жеттім деп босағадан аттай бере,
Жаңа жыл—еріп жатқан САҒЫНЫШ қой.



Зам. редактора
**Т. ИМАНБЕКОВ.**

УГ16270 Адрес редакции: 480091, г. Алма-Ата, Кирова 136, ком. 111, тел. 69-66-87. Отпечатано в типолаборатории ҚазГУ. зак. 545